

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы
Тұғыл ауылы
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Балдырған» тобының
ата- аналар жиналысының

№1хаттамасы

«22» қыркүйек 2021ж

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны:7

Жиналыс онлайн ZOOM форматында өтеді

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарды 2021-2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Баяндама: "Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі"
4. Кеңес. Жалаң аяқ жүрудің пайдасы.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы
5. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Мырзабаева Б жаңа оқу жылының іс жоспарымен таныстырып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша сөз кезегін алған ата ана Амренова Б ата-аналар комитетін жаңа оқу жылында қайта сайлауға ұсыныс тастады.
3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Терликбаева Г «Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі» атты баяндамасын оқып берді. Болашағымыз балалар олардың жауапкершілігі біздің қолымызда,сол үшін болашағымыз туралы ойланатын мәселе бойынша тақырып қозғады.

4. Балабақша медбикесі Қумашева А жаз мезгілінде жалаң аяқ жүрудің пайдасы зор екенін айтты. Ата-аналар тарапынан онлайн жиналыста сұрақтар қойылып қанағаттанарлық жауап алынды.

5. Топ тәрбиешісі Мырзабаева Б әртүрлі мәселелерді ортаға салды. Балаларды балабақшадан себепсіз қалдырмай уақытында әкеліп төлемақысын уақытында төлеуін айтты.

Жиналыстың шешімі:

1. Баяндамада оқылған ұсыныстар орындалсын.

2. 2021-2022 оқу жылының іс-жоспарына сай ата-аналар жыл бойындағы өтетін шараларға ат салысып көмектессін.

3. «Балдырған» тобының балалары жаңа оқу жылына толық дайындықпен қатыссын

4. Ата-аналар комитетінің төрайымы Құрманғазина Ш, мүшелері Жұмадилова Р, Бардосова Т болып бекітілсін.

Төрайымы: Ш. Құрманғазина Құрманғазина Ш
Хатшысы: М. Бодауханов Бодауханов М

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы
Тұғыл ауылы
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Балдырған» тобының
ата- аналар жиналысының

Хаттамасы № 2

«21» желтоқсан 2021ж

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны:7

Күн тәртібінде:

- 1.Баяндама:"Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері"
- 2.Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шаралармен таныстыру.
3. Кеңес "Баланың үрейі"
- 4.Ағымдағы әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Мырзабаева Б баяндама оқыды,ата-аналар баяндаманы тыңдап рзашылықтарын білдірді.
2. Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері балалармен өткізілетін ертеңгілік іс-шараларымен ата-аналарға таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан ертеңгілікке ат салысып қатысамыз деді.
- 3.Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы Демесінова Г «Баланың үрейі» жайында шағын кеңесін айтты. Ата-аналар сұрақтар қойып қанағаттанарлық жауаптар алынды

Әр түрлі мәселелер:

Балалардың тазалығы,балабақшаға қалмай келуі,балалардың тәрбиесін назардан тыс қалдырмау,төлемақы жайында сөз қозғалды. Топ тәрбиешілеріне сұрақтар қойылды және сұрақтарға толық жауап қайтарылды.

Жиналыстың шешімі

- 1.Ата-аналар баяндамада айтылған ұсыныстарды орындасын.
- 2.Ертеңгіліктің өз деңгейінде өтуіне ата-аналармен бірігіп жұмыс жасалынсын.
3. Ата-аналар өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.

Төрайымы: Ш. Құрманғазина Құрманғазина Ш
Хатшысы: М. Бодауханова Бодауханова М

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы
Тұғыл ауылы
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Балдырған» тобының
ата- аналар жиналысының

Хаттамасы № 3

«22» ақпан 2022ж

Қатысқаны: 23

Қатыспағаны:2

Күн тәртібінде:

- 1.Баяндама: "Тәрбие тал бесіктен басталады"
2. "Жан анам","Қош келдің,наурыз" ертеңгілік іс-шаралармен таныстыру
- 3.Кеңес: "Тұмаудан сақтану"

Тындалды:

- 1.Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Терликбаева Г "Тәрбие тал бесіктен басталады "атты баяндаманы оқыды.Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылықтарын білдірді.
2. Екінші мәселе бойынша Мырзабаева Б ертеңгілік іс-шараларымен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан наурыз мерекесіне қатысатындарын айтты.Аналар мерекесіне ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Сонымен қатар ұл-қыздардың наурыз ертеңгілігіне қоятын нөмірлері бар екенін,оларға арнайы киімдердің керектігін айтып өтті.Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.
3. Балабақша мед бикесі қыс мезгілінде тұмаудан сақтану жолдары жайында кеңесін айтты .Кеңес бойынша ата-аналар ой-пікірлерін білдірді.

Жиналыстың шешімі:

- 1.Баяндамада қойылған талаптар орындалсын.
2. Ертеңгіліктің өз деңгейінде өтуін қадағалау тапсырылсын.
Наурыз, Аналар мерекеіне арналған ертеңгіліктегі киімдерді мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
- 3.Медбикенің айтылған кеңестері орындалсын.

Төрайымы: Ш. Құрманғазина Құрманғазина Ш

Хатшысы: Бодауханова Бодауханова М

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы
Тұғыл ауылы
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Балдырған» тобының
ата- аналар жиналысының

Хаттамасы № 4

«04»мамыр 2022ж

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны:5

Күн тәртібінде:

- 1.Баяндама «Қиын бала қайдан шығады»
- 2."Сіздің балаңыздың қызығушылығы" сауалнама
- 3 .Балабақша ауласына көшет ,тал отырғызу
4. Кітап баланың досы
- 5.Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

- 1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша психолог Демесінова Г «Қиын бала қайдан шығады» баяндамасын оқыды.
- 2."Сіздің балаңыздың қызығушылығы" атты сауалнамаға ата-аналар балалары туралы өз ойларын білдірді.
- 3.Балабақша ауласына ата-анамен бірлескен жұмыс жасап көшет,тал отырғызуды қолға алуды ата-ана комитетінің мүшелеріне тапсырылды.
4. Тәрбиеші Терликбаева Г «Кітап баланың досы» акциясы ұйымдастырылып балабақшаға балалараға әртүрлі ертегі кітаптарды таныстырып, ата-анаға үйде балаларға ертегі кітап оқып беруін баса назарда ұстау керектігін атап өтті

Әр түрлі мәселелер:

Балалардың тазалығы, балабақшаға қалмай келуі, балалардың тәрбиесін назардан тыс қалдырмау, төлемақыны уақытында төлеу туралы айтылды.

Жарыс сөз: Жарыс сөзге шыққан ата-ана Ахмадиева Д айтылған мәселелердің барлығын тыңдап өз пікірін білдіріп ата-аналар атынан тәрбиешілерге рахметін айтты. Балабақша балаларға өте тиімді орын екенін айтты. Сондықтан тәрбиешілермен тығыз байланыста болып оларға қолдарынан келгенше көмек беретінін айтты. Жарыс сөзге шыққан ата-ана балабақша талабын орындау және себепсіз қалдырмау, ата-аналар жиналысына түгелдей қатысып тәрбиешілермен тығыз байланыста болу керек деді.

Жиналыстың шешімі:

1. Ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып гүл егуге, тал егуге, тәрбиешілермен бірге жұмыс жасалсын.
2. Ата-аналар тарапынан сауалнама бойынша балаларының қызығушылығын арттыруға жұмыс жасалсын.
3. Ата-аналарға қойылған талаптар орындалсын.

Төрайымы: Ш. Бұрсаев Құрманғазина Ш

Хатшысы: Бодау Бодауханова М